


САБАҚ ЖОСПАРЫ

Пән	Қазақ әдебиеті
Мұғалім	Утелиева Рзагүл
Мектеп, сынып	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Ақжігіт ауылы, Совет Одағының Батыры Мәди Бегенов атындағы орта мектеп, 9-сынып
Сабақ тақырыбы	Ұранды елдің ұрпағы қайсар



www.bilimland.kz

Мақсаттары	Оқушыларға қазақ халқының басынан өткен сан қилы күрестер мен қиындықтарды айта отырып, еліміздің егемендігін, тәуелсіздігін мақтан ету. Тәуелсіздік жолындағы батырлардың ерлігін жырлай отырып, патриоттық сезімдерін дамыту. Елін, жерін сүйетін, ата-баба тарихын қадір тұтатын ұрпақ тәрбиелеу.
Күтілетін нәтиже	Топта жұмыс істеу арқылы ізденеді, сыни тұрғыдан ойлана алады, шығармашылықпен жұмыс жасайды.
Модульдері	АКТ (ақпараттық-коммуникативтік технология), СТО (сын тұрғысынан ойлау), ОЖЕ (оқушылардың жас ерекшелігі), ТЖДЖ (талантты және дарынды оқушылармен жұмыс). ОБЖК (оқытуды басқару және көшбасшылық), ДО (диалогтық оқыту).
Деректер	Тақта, бейнебаян,  «Білімланд» сайтынан алынған тәрбие сағатына арналған видео.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Уақыт	Тапсырма	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Ұйымдастыру	2 мин	Топқа бөліну	Ерлік тақырыбындағы мақал-мәтелдер арқылы топқа бөлу.	Оқушылар мақал-мәтелдердің жалғасын табу арқылы топқа бөлінеді.
Қызығушылық тарын ояту	3 мин	«Ой қозғау» әдісі бойынша топтың атының тәрбие сағатының тақырыбына қандай байланысы бар екенін айту	«Жалынды жігер», «Асқақ рух» «Өр намыс» деп аталған топ атауларының тақырыпқа қандай қатысы бар екенін сұрау.	Өр топтан оқушылар жеке жеке жауап беріп, топта талқылап толық жауап береді.
Мағынаны тану	8 мин	<p>I бөлім «Толған ел тарихын таспен жазады, Тозған ел тарихын жаспен жазады» деп аталады.</p> <p>I топ. 15 ғасырдағы қазақ хандығы мен 18 ғасырдағы жоңғар шапқыншылығы жылдары және сол кездегі қазақ хандары мен батырлары жайында постер қорғау</p> <p>II топ. Махамбет пен Исатай образын сомдау</p> <p>III топ. 1937 жылғы асыра сілтеу құрбандары мен Ұлы Отан соғысына қатысқан батырлар, Халық қаһармандары жайында постер қорғау.</p>	2 топқа берілген тақырыптар бойынша постер қорғау беріледі, 1 топқа көрініс сахналау тапсырылады.	Оқушылар берілген тақырыптар бойынша ой-пікірлерін айтады, топта жұмыс істейді, сахналық қойылым қояды, пікір білдіреді.
	15 мин	II бөлім «Ауғанстан ақиқаты»	Ауғанстан туралы біз не білеміз? «Мен көрген соғыс»	Оқушылар көрсетілген деректі фильмді

			деректі фильмінен үзінді көрсету.	тамашалайды, Ауғанстандағы соғыс жайында өз пікірлерін білдіреді.
	5 мин	III бөлім «Мен елімнің патриотымын!»	Патриотизм дегеніміз не? «Bilimland» сайтынан алынған видеофильм жіберіледі.	Оқушылар видеоны тамашалайды, ой қорытады.
Ой толғаныс	10 мин	Оқушылар шығармашылығы.	Оқушылар шығармашылығына (өлең оқу, арнау шығару, ой толғау жазу) арналады.	Өлең шығарады, ән айтады, көркемсөз оқиды.
Рефлексия	2 мин	«Бессаусақ» әдісі.	Бүгінгі тәрбие сағаты ұнады ма? Қандай өнеге алдыңдар?	Оқушылар осы сұрақтар төңірегінде жазады.